

Шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейк шекарасының участекелеріне толық немесе ішінәра тұспа-тұс келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың және еркін кеден аймағы кедендейк ресімінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 15 наурыздағы № 360 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 30 наурызда № 16673 болып тіркелді.

Ескеरту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 18.06.2019 № 598 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы кедендейк реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 291-бабының 2, 3, 4, 8, 16, 17 және 19-тармақтарына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес кедендейк операцияларды жасауға және (немесе) еркін кеден аймағы кедендейк ресімімен орналастырылған тауарларды пайдалануға (сақтауға) арналған, шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейк шекарасының участекелерімен толық немесе ішінәра тұспа-тұс келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ аумағының бөліктері шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейк шекарасының участекелерімен толық немесе ішінәра тұспа-тұс келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың кедендейк бақылау аймақтарын айқындау қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейк шекарасының участекелері мен толық немесе ішінәра тұспа-тұс келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ аумағын, мұндай аумақты қоршау және бейнебақылау жүйесімен жарақтандыру жөніндегі талаптарды қоса алғанда, жайластыру ерекшеліктері;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейк шекарасының участекелерімен толық немесе ішінәра тұспа-тұс келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ аумағында, осындай аумаққа адамдардың кіруін қоса алғанда, бақылау-өткізу режимін қамтамасыз ету қағидалары;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейк шекарасының участекелерімен толық немесе ішінәра тұспа-тұс келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ аумағына әкелу кезінде еркін кеден аймағы кедендейк ресімімен орналастыруға жатпайтын тауарлардың тізбесі және санаттары;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес, тауарларды еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақта қызметті жүзеге асыру туралы шартқа сәйкес тұтыну, еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ қатысушысының Еуразиялық экономикалық одақтың тауарларын жеке тұлғаларға өткізуі, осындай тауарларды өткізу еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақта қызметті жүзеге асыру туралы шартқа сәйкес еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ қатысушысының негізгі кәсіпкерлік қызметі болып табылатын жағдайларды қоспағанда, еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ қатысушысының шетелдік тауарларды жеке тұлғаларға өткізуі жағдайларында еркін кеден аймағы кедендей рәсімін аяқтау кезінде есептілікті ұсыну қағидалары;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендей шекарасының участкерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ қатысушысы болып табылмайтын Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендей шекарасының участкерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ аумағына қою және (немесе) пайдалану үшін еркін кеден аймағы кедендей рәсімімен орналастырылған тауарлардың декларанттары ретінде әрекет ете алатын жағдайлары.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 18.06.2019 № 598 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Тенгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің

Төрағасы

К. Мәсімов \_\_\_\_\_

" " 2018 жыл

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2018 жылғы 15 наурыздағы

№ 360 бұйрығына

1-қосымша

**Кедендік операцияларды жасауға және (немесе) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды пайдалануға (сақтауға) арналған, шектері Еуразиялық экономикалық одактың кедендік шекарасының участеклерімен толық немесе ішінәра тұспа-тұс келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ аумағының бөліктегі шектері Еуразиялық экономикалық одактың кедендік шекарасының участеклерімен толық немесе ішінәра тұспа-тұс келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың кедендік бақылау аймақтарын айқындау қағидалары**

Ескеरту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 18.06.2019 № 598 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 291 -бабы 2-тармағына сәйкес әзірленген және Кедендік операцияларды жасауға және (немесе) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды пайдалануға (сақтауға) арналған, шектері Еуразиялық экономикалық одактың кедендік шекарасының участеклерімен толық немесе ішінәра тұспа-тұс келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ (бұдан әрі – АЭА) аумағының бөліктегі шектері Еуразиялық экономикалық одактың кедендік шекарасының участеклерімен толық немесе ішінәра тұспа-тұс келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың кедендік бақылау аймақтарын айқындау тәртібін айқындауды.

**Ескерту.** 1-тармақ жаңа редакцияда – КР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – КР Қаржы министрінің 18.06.2019 № 598 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы бұйрықтың шеңберінде шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейтік шекарасының участеклеріне толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймақ аумағы деп "Арнайы экономикалық аймақтардың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 6 қазандығы № 624 қаулысына сәйкес құрылған "Қорғас" Шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы" АЭА түсініледі (бұдан әрі – "Қорғас" ШЫХО" АЭА).

## **2-тaraу. Кедендейтік бақылау аймағын айқындау тәртібі**

3. "Қорғас" ШЫХО" АЭА кедендейтік бақылау аймағы кедендейтік операцияларды жасау үшін және (немесе) еркін кеден аймағы кедендейтік рәсімімен орналастырылған тауарларды пайдалану (сақтау) үшін көзделген "Қорғас" ШЫХО" АЭА аумағының бөлігі болып табылады.

**Ескерту.** 3-тармақ жаңа редакцияда – КР Қаржы министрінің 25.12.2018 № 1111 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. "Қорғас" ШЫХО" АЭА аумағында мынадай кедендейтік бақылау аймағы орналасады:

1) "Қорғас" Шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы қазақстан бөлігіндегі бақылау-өткізу пунктін (бұдан әрі – БӨП) құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 маусымдағы № 762 қаулысына сәйкес құрылған, "Қорғас" Шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы қазақстан бөлігіндегі бақылау-өткізу пункті;

2) "Қорғас" ШЫХО" АЭА жылжымайтын объектілерін және (немесе) инфрақұрылым объектілерін салу және (немесе) қайта құру орындары;

3) өзінің тауарларын сақтау қоймаларының, уақытша сақтау қоймаларының, кеден қоймаларының, еркін қоймалардың аумағы, бажсыз сауда дүкендерінің, сондай-ақ халықаралық пошта алмасу орындарының (мекемелерінің) аумақтары.

**Ескерту.** 4-тармақ жаңа редакцияда – КР Қаржы министрінің 25.12.2018 № 1111 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Кодекстің 404-бабы 4-тармағының талаптарына сәйкес "Қорғас" ШЫХО" АЭА аумағы бөлігінде кедендейтік бақылау аймағы құрылады.

**Ескерту.** 5-тармақ жаңа редакцияда – КР Қаржы министрінің 25.12.2018 № 1111 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**Шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының участекелеріне толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ аумағын, осындай аумақты қоршау және бейнебақылау жүйесімен жарақтандыру жөніндегі талаптарды қоса алғанда, жайластыру ерекшеліктері**

**Ескерту.** Ерекшеліктің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 18.06.2019 № 598 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының участекелеріне толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ аумағын, осындай аумақты қоршау және бейнебақылау жүйесімен жарақтандыру жөніндегі талаптарды қоса алғанда, жайластыру ерекшеліктері (бұдан әрі - Ерекшеліктер) "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 291 -бабы 3-тармағына сәйкес әзірленген және шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының участекелеріне толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ (- АЭА) аумағын, осындай аумақты қоршау және бейнебақылау жүйесімен жарақтандыру жөніндегі талаптарды қоса алғанда, жайластыру ерекшеліктерін айқындайды.

**Ескерту.** 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 18.06.2019 № 598 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы бұйрықтың шеңберінде шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының участекелеріне толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін АЭА аумағы деп "Арнайы экономикалық аймақтардың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 6 қазандығы № 624 қаулысына сәйкес құрылған "Қорғас" Шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы" АЭА тұсініледі (бұдан әрі – "Қорғас" ШЫХО" АЭА).

## **2-тaraу. АЭА аумағын жайластыру ерекшелігі**

3. Мемлекеттік шекара режимін, кедендік бақылау тиімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың және Қазақстан Республикасының кеден заңнамаларын сақтауды, еркін кеден аймағы кедендік ресімі қолданылатын "Корғас" ШЫХО" АЭА аумағын жайластыруды қамтамасыз ету мақсатында, мынадай:

1) "Корғас" ШЫХО" АЭА жайластыру жоспарында кедендік бақылау аймағының шекарасын, тауарлар мен көлік құралдарын әкелу (әкету) орындарын, сондай-ақ "Корғас" ШЫХО" АЭА аумағына (аумағынан) адамдар кіретін орындарды белгілеу;

2) "Корғас" ШЫХО" АЭА сыртқы шекарасы және аумағы тәулік бойы режимде жұмыс істейтін, дабыл және соңғы күнтізбелік отыз күн ішінде болған оқиғалар туралы бейнеақпаратты қарауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бейнебақылау жүйесімен жабдықтау;

3) "Корғас" ШЫХО" АЭА сыртқы аумағы тәуліктің қараңғы уақытында электр жарығымен жараптандырылған болу;

4) тауарларды еркін кеден аймағы кедендік ресімімен немесе өзге кедендік ресіммен орналастырғанға дейін, оларды түсірумен, тиеумен және сақтаумен байланысты операциялар жүргізілетін "Корғас" ШЫХО" АЭА аумағының бөлігі тәулік бойы режимде жұмыс істейтін, соңғы күнтізбелік отыз күн ішінде болған оқиғалар туралы бейнеақпаратты қарауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бейнебақылау жүйесімен жабдықталады және тәуліктің қараңғы уақытында электр жарығымен жараптандырылады.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 25.12.2018 № 1111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Осы ерекшеліктерге сәйкес АЭА басқару органы "Корғас" ШЫХО" АЭА аумақтарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 маусымдағы № 762 қаулысына сәйкес құрылған, "Корғас" Шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы қазақстан бөлігіндегі бақылау-өткізу пунктті жайластыруды қамтамасыз етеді.

5. Осы ерекшеліктерге сәйкес өзінің қызметін жүзеге асыратын АЭА қатысушы "Корғас" ШЫХО" АЭА аумағын, оның ішінде "Корғас" ШЫХО" АЭА аумағының бөлігінде орналасқан объектілерге қатысты жайластыруды АЭА қатысушы қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2018 жылғы 15 наурыздагы  
№ 360 бұйрығына  
3-қосымша

**Шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының участкеріне толық немесе ішінше түспа-түс келетін еркін (арнайы, ерекше)**

**экономикалық аймақ аумағында, осындай аумаққа адамдардың кіруін қоса алғанда, бақылау-өткізу режимін қамтамасыз ету қағидалары**

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 18.06.2019 № 598 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының участеклеріне толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ аумағында, осындай аумаққа адамдардың кіруін қоса алғанда, бақылау-өткізу режимін қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 291-бабы 4-тармағына сәйкес өзірленген және шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының участеклеріне толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ аумағында (бұдан әрі – АЭА), осындай аумаққа адамдардың кіруін қоса алғанда, бақылау-өткізу режимін қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 18.06.2019 № 598 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы бұйрықтың шеңберінде шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының участеклеріне толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймақ аумағы деп "Арнайы экономикалық аймақтардың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 6 қазандығы № 624 қаулысына сәйкес құрылған "Қорғас" Шекара маңы ынтымақтастыры халықаралық орталығы" АЭА түсініледі (бұдан әрі – "Қорғас" ШЫХО" АЭА).

3. Кедендік бақылау мақсаты үшін осы Қағидалар шеңберінде бақылау-өткізу пункті (бұдан әрі – БӨП) деп Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 маусымдағы № 762 қаулысына сәйкес құрылған "Қорғас" Шекара маңы ынтымақтастыры халықаралық орталығы" қазақстан бөлігіндегі бақылау-өткізу пункті түсініледі.

## **2-тaraу. "Қорғас" ШЫХО" АЭА аумағында бақылау-өткізу режимін қамтамасыз ету тәртібі**

4. Мемлекеттік шекарада бақылау-өткізу режимін, кедендік бақылау тиімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың және Қазақстан

Республикасының кеден заңнамаларын сақтау мақсатында мемлекеттік кірістер органы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен (бұдан әрі – шекара қызметі) бірлесіп "Қорғас" ШЫХО" АЭА аумағына әкелінетін, сондай-ақ осындай "Қорғас" ШЫХО" АЭА аумағынан осы Қағидалардың ережелерін ескере отырып, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкетілетін тауарлар мен көлік құралдарына қатысты кедендік және бақылауды өзге де түрлерін жүргізу үшін тиісінше жабдықталған және техникалық жараптандырылған БӨП айқындейды.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 25.12.2018 № 1111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### 5. БӨП құрамына:

1) "Қорғас" ШЫХО" АЭА аумағына тауарлар мен көлік құралдарын әкелу, сондай-ақ "Қорғас" ШЫХО" АЭА аумағынан Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкету үшін кедендік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғаларын орналастыру үшін көзделген және байланыс құралдарымен жабдықталған үй-жайлар;

2) кедендік бақылау аймағы болып табылатын және кедендік бақылауды жүргізу үшін көзделген БӨП аумағының ашық аландары кіреді.

6. БӨП шлагбауммен (қақпамен) және (немесе) тауарлар мен көлік құралдарының қозғалысын тежейтін құрылғылармен жабдықталады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 25.12.2018 № 1111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. БӨП ғимаратын, "Қорғас" ШЫХО" АЭА аумағына көлік кіретін (көлік шығатын) және (немесе) адам кіретін (адам шығатын) орындарды, мемлекеттік кірістер органдарын орналастыру үшін көзделген қызметтік үй-жайларды, сондай-ақ қойма үй-жайларын және (немесе) ашық аландарды, оның ішінде тауарларды кедендік тазарту және кедендік бақылау үшін көзделген тиесу-түсіру жұмыстарын жүргізуге арналған кедендік бақылау техникалық құралдарын қоса, кедендік инфрақұрылым объектілері "Қорғас" ШЫХО" АЭА жайластыру және материалдық-техникалық жараптандыру жоспарына енгізіледі. Кедендік инфрақұрылым объектілерінің саны және оларды орналастыруды атап "Қорғас" ШЫХО" АЭА қызмет аймағы орналасқан мемлекеттік кірістер органдары айқындейды.

8. Осы қағидаларға сәйкес АЭА басқару органы немесе оның "Қорғас" ШЫХО" АЭА аумағының бөлігіндегі осындай АЭА қатысуышы:

1) АЭА басқарушы компания – осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген объектілерді қоспағанда, "Қорғас" ШЫХО" АЭА аумағын, оның ішінде БӨП аумағын және инфрақұрылымның өзге де объектілерін;

2) АЭА қатысушы – АЭА қатысушы өзінің қызметін жүзеге асыратын, "Корғас" ШЫХО" АЭА аумағында орналасқан объектілерге қатысты жайластыруды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 25.12.2018 № 1111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **3-тaraу. "Корғас" ШЫХО" АЭА аумағына адамдардың кіру тәртібі**

9. "Корғас" ШМХО АЭА аумағына жеке адамдардың кіруі БӨП арқылы және мемлекеттік кірістер органының және шекаралық бақылау органдарының жұмыс уақытында жүзеге асырылады.

10. "Корғас" ШЫХО" АЭА аумағына жеке адамдардың кіруі не "Корғас" ШЫХО" АЭА аумағынан жеке адамдардың шығуы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, шекара қызметі жүзеге асыратын тәртіпте жүргізіледі.

Бұл ретте жеке адамдар деп түсініледі:

- 1) жеке адам (оның ішінде шетелдік тұлға);
- 2) АЭА басқарушы компания қызметкерлері (қызметшілері);
- 3) АЭА қатысушылар және (немесе) олардың қызметкерлері (қызметшілері);
- 4) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының лауазымды тұлғалары.

11. Осы Қағидалардың 10-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға қатысты кедендік бақылауды жүзеге асыру мақсатында АЭА басқарушы компания және АЭА қатысушылар мемлекеттік кірістер органына олардың жеке басын және еңбек қатынасына тиістілігін куәландыратын құжаттарды қоса бере отырып, осындай тұлғалардың тізімін ұсынады.

12. АЭА басқарушы компания немесе АЭА қатысушылар сонымен қатар мемлекеттік кірістер органына АЭА қатысушы болып табылмайтын және АЭА қатысушымен немесе АЭА басқарушы компаниямен қызмет көрсету туралы шарт жасасқан өзге тұлғалар "Корғас" ШЫХО" АЭА аумағында қызметті жүзеге асырған жағдайда, қызмет көрсету туралы шартты ұсынады.

13. Өтініш адамдар тізімін және осы Қағидалардың 11 және 12-тармақтарында көзделген құжаттарды қоса бере отырып, еркін нысанда жасалған электронды түрде және қағаз тасымалдағышында беріледі, ол қызметті жүзеге асыру басталғанға дейін мемлекеттік кірістер органына жолданады.

14. Тізімдегі адамдар және осы Қағидалардың 11 және 12-тармақтарында көрсетілген құжаттар өзгерген жағдайда, АЭА басқарушы компания немесе АЭА қатысушы бес жұмыс күні ішінде растау құжаттарын қоса бере отырып, еркін нысанда жасалған электронды түрде және қағаз тасымалдағышында өтініш беру арқылы мемлекеттік кірістер органына бұл туралы хабардар етеді.

15. Жедел медициналық көмек көрсету немесе төтенше оқиғалар туындаған жағдайларда, медициналық, құтқару қызметінің қызметшілерін, сондай-ақ құқықтық тәртіпті жүзеге асыратын қызметкерлерді кіргізуде мемлекеттік кірістер органы қызметшілері еріп жүреді.

Көрсетілген жағдайларда мемлекеттік кірістер органына тізім немесе рұқсатнама ресімдеу және ұсыну талап етілмейді.

Қазакстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2018 жылғы 15 наурыздағы  
№ 360 бұйрығына  
4-қосымша

**Шектері Еуразиялық экономикалық одактың кедендік шекарасының  
учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін еркін (арнайы, ерекше)  
экономикалық аймағына әкелу кезінде еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен  
орналастыруға жатпайтын тауарлардың тізбесі және санаттары**

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 18.06.2019 № 598 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Арнайы экономикалық аймақтардың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 6 қазандағы № 624 қаулысына сәйкес құрылған "Қорғас" Шекара маңы ынтымақтастыры халықаралық орталығы" шектері Еуразиялық экономикалық одактың кедендік шекарасының участкелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймағына әкелу кезінде еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастыруға жатпайтын тауарларға:

- 1) шұғыл медициналық көмек көрсетуге арналған тауарлар;
- 2) төтенше оқиғаларды жоюға арналған тауарлар;
- 3) авария-құтқару жұмыстарын жүргізуге арналған тауарлар;
- 4) Мемлекеттік шекараны қорғауға (күзетуге), құқықтық тәртіпті жүзеге асыруға арналған тауарлар жатады.

2. "Арнайы экономикалық аймақтардың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 6 қазандағы № 624 қаулысына сәйкес құрылған "Қорғас" Шекара маңы ынтымақтастыры халықаралық орталығы" шектері Еуразиялық экономикалық одактың кедендік шекарасының участкелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймағына әкелу кезінде еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастыруға жатпайтын тауарлар санаттарына Дүниежүзілік пошта одағының актілерінде көзделген пошта құжаттарын ресімдеу арқылы Еуразиялық экономикалық одактың кедендік аумағынан тыс жерге тағайындалған пошта операторының кейіннен әкетуге жататын пошта жөнелтімдерін

қалыптастыру мақсатында шектес шетел мемлекеттің аумағынан әкелінетін шетелдік тауарлары жатады.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2018 жылғы 15 наурыздагы  
№ 360 бұйрығына  
5-косымша

**Тауарларды еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақта қызметті жүзеге асыру туралы шартқа сәйкес тұтыну, еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймаққа қатысушысының Еуразиялық экономикалық одақтың тауарларын жеке тұлғаларға өткізуі, осындай тауарларды өткізу еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақта қызметті жүзеге асыру туралы шартқа сәйкес еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймаққа қатысушысының негізгі кәсіпкерлік қызметі болып табылатын жағдайларды қоспағанда, еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймаққа қатысушысының шетелдік тауарларды жеке тұлғаларға өткізуі жағдайларында еркін кеден аймағы кедендік рәсімін аяқтау кезінде есептілікті табыс ету қағидалары**

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда – КР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – КР Қаржы министрінің 18.06.2019 № 598 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы тауарларды еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақта қызметті жүзеге асыру туралы шартқа сәйкес тұтыну, еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймаққа қатысушысының Еуразиялық экономикалық одақтың тауарларын жеке тұлғаларға өткізуі, осындай тауарларды өткізу еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақта қызметті жүзеге асыру туралы шартқа сәйкес еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймаққа қатысушысының негізгі кәсіпкерлік қызметі болып табылатын жағдайларды қоспағанда, еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймаққа қатысушысының шетелдік тауарларды жеке тұлғаларға өткізуі жағдайларында еркін кеден аймағы кедендік рәсімін аяқтау кезінде есептілікті табыс ету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 291-бабы 16-тармағына сәйкес әзірленген және:

1) осы тармақтың 3) тармақшасының ережелерін ескере отырып, еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақта (бұдан әрі – АЭА) қызметті жүзеге асыру туралы шарттарға сәйкес тауарларды тұтыну;

2) АЭА қатысушылары Еуразиялық экономикалық одақ тауарларын жеке тұлғаларға өткізген;

3) АЭА қызметті жүзеге асыру туралы шарттарға сәйкес осындай тауарларды өткізу АЭА қатысушының негізгі кәсіпкерлік қызметі болып табылатын жағдайды қоспағанда, АЭА қатысушылары жеке тұлғаларға шетелдік тауараларды өткізген (бұдан әрі – өзгеше тұтыну) жағдайда, еркін кеден аймағы кедендік ресімін жасауды аяқтау кезінде есептілік ұсыну тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 18.06.2019 № 598 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекимен.**

2. Осы Қағидалардың 1-тармағының 3)-тармақшасында айқындалған жеке тұлғаларға АЭА қатысушылары шетелдік тауараларды өткізген кезде еркін кеден аймағы кедендік ресімін аяқталуы, осындай тауарларды өткізу АЭА қызметті жүзеге асыру туралы шарттарға сәйкес АЭА қатысушының негізгі кәсіпкерлік қызметі болып табылатын жағдайды алыш тастайды.

3. Осы бүйректың шеңберінде шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының участкеріне толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін АЭА аумағы деп "Арнайы экономикалық аймақтардың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 6 қазандағы № 624 қаулысына сәйкес құрылған "Қорғас" Шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы" АЭА тұсініледі (бұдан әрі - "Қорғас" ШЫХО" АЭА).

**2-тaraу. АЭА қызметті жүзеге асыру туралы шартқа сәйкес тауарларды өзгеше тұтыну жағдайларында еркін кеден аймағы кедендік ресімін аяқтау кезінде есептілікті табыс ету тәртібі**

4. АЭА қызметті жүзеге асыру туралы шартқа сәйкес "Қорғас" ШЫХО" АЭА аумағында қызметін жүзеге асыратын АЭА қатысушының Кодекстің 285-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген еркін кеден аймағы кедендік ресімімен орналастырылған тауарларды қайта өндөу бойынша операцияларды жасау кезінде тауарларды жұмсауға (тұтынуға) қарағанда, мынадай жағдайларда:

1) жылжымайтын және (немесе) құрылыштай объектілеріне қызмет көрсету және (немесе) жайластыру кезінде;

2) АЭА қызметті жүзеге асыру туралы шартқа сәйкес қызмет көрсету кезінде тауарларды өзгеше тұтынуға жол беріледі.

5. Осы Қағидалардың 4-тармағында белгіленген жағдайларда тауарларды өзгеше тұтыну кезінде еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға және (немесе) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды пайдаланып дайындалған (алынған) тауарларға қатысты еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданысы мынадай:

- 1) АЭА қатысушының атауы;
- 2) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен тауарларды орналастыруды растау құжатының нөмірі;
- 3) тауар мәртебесі (Еуразиялық экономикалық одақ немесе шетелдік);
- 4) тауардың атауы;
- 5) мөлшері;
- 6) құны (теңгемен)
- 7) тауарларды өзгеше тұтынуды растау құжатының атауы, нөмірі мен күні туралы мәліметтерді табыс ету арқылы есептілікті ұсынумен аяқталады.

6. Осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген мәліметтер мемлекеттік кірістер органына электронды түрде ұсынылады.

Мемлекеттік кірістер органына және АЭА қатысушыға байланысты емес, осындай мәліметтерді электронды түрде беру мүмкін болмаған жағдайларда, хабарламаны беру мән-жайлары қағаз түрінде жүргізіледі.

7. Осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген мәліметтер АЭА қатысушыларының электронды және (немесе) өзге түрде есепке алуына жатады.

8. Осы Қағидалардың 5-тармағында айқындалған жағдайларда тауарларды өзгеше тұтыну бойынша мәліметтер ай сайын, есепті айдан кейінгі 10-ы күнінен кешіктірмей мемлекеттік кірістер органдарына ұсынылады.

9. Осы Қағидалардың 7-тармағында айқындалған мәліметтерге және тауарлар есебіне қол жеткізу мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғаларына олардың талап етуі бойынша кедендік бақылауды жүргізу мақсатында ұсынылады.

**3-тaraу. АЭА қатысушылары жеке тұлғаларға Еуразиялық экономикалық одақ тауарларын өткізген жағдайда еркін кеден аймағы кедендік рәсімін аяқтау кезінде есептілікті табыс ету тәртібі**

10. АЭА қатысушыларының АЭА аумағында жеке тұлғаларға Еуразиялық экономикалық одақ тауарларын өткізуіне жол беріледі.

11. Тауарларды өткізу орындарына қойылатын талаптарға сәйкес айқындалған орындарда АЭА қатысушылары жеке тұлғаларға тауарларды өткізууді жүзеге асырады.

12. Осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес өткізілген Еуразиялық экономикалық одақ тауарларына қатысты еркін кеден аймағы кедендік рәсімі мынадай:

- 1) АЭА қатысушының атауы;

- 2) тауарларға арналған декларациялар немесе оны алмастыратын өзге құжаттың нөмірі;
- 3) тауардың атауы;
- 4) мөлшері;
- 5) кедендік құны (теңгемен)

6) тауарларды өткізуді растау құжатының атауы, нөмірі мен күні туралы мәліметтерді табыс ету арқылы есептілікті ұсынумен аяқталады.

13. Осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген мәліметтер мемлекеттік кірістер органына электронды түрде ұсынылады.

Мемлекеттік кірістер органына және АЭА қатысуышыға байланысты емес, осындай мәліметтерді электронды түрде беру мүмкін болмаған жағдайларда, хабарламаны беру мән-жайлары қағаз түрінде жүргізіледі.

14. Осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген мәліметтер АЭА қатысуышыларының электронды және (немесе) өзге түрде есепке алуына жатады.

15. Осы Қағидалардың 12-тармағында айқындалған Еуразиялық экономикалық одақ тауарларын өткізу бойынша мәліметтер ай сайын, есепті айдан кейінгі оныншы күнінен кешіктірмей мемлекеттік кірістер органдарына ұсынылады.

16. Осы Қағидалардың 13-тармағында айқындалған мәліметтерге және тауарлар есебіне қол жеткізу мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғаларына олардың талап етуі бойынша кедендік бақылауды жүргізу мақсатында ұсынылады.

#### **4-тaraу. АЭА қатысуышылары жеке тұлғаларға шетелдік тауарларды өткізген жағдайда еркін кеден аймағы кедендік рәсімін аяқтау кезінде есептілікті табыс ету тәртібі**

17. АЭА қызметті жүзеге асыру туралы шарттарға сәйкес осындай тауарларды өткізу АЭА қатысуышының негізгі кәсіпкерлік қызметі болып табылатын жағдайларды қоспағанда, АЭА аумағында АЭА қатысуышының жеке тұлғаларға шетелдік тауарларды өткізуіне жол беріледі.

18. Осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес өткізілген шетелдік тауарларға қатысты еркін кеден аймағы кедендік рәсімі мынадай:

- 1) тауарларға арналған декларациялар немесе оны алмастыратын өзге құжаттың нөмірі;
- 2) тауардың атауы;
- 3) мөлшері;
- 4) кедендік құны (теңгемен)
- 5) тауарларды өткізудің негізі (жағдайы);
- 6) тауарларды өткізу орны туралы мәліметтерді табыс ету арқылы есептілікті ұсынумен аяқталады.

19. Осы Қағидалардың 18-тармағында көрсетілген мәліметтер мемлекеттік кірістер органына электронды түрде не қағаз тасымалдағышында ұсынылады.

Мемлекеттік кірістер органына және АЭА қатысушыға байланысты емес, осындай мәліметтерді электронды түрде беру мүмкін болмаған жағдайларда, хабарламаны беру мән-жайлары қағаз турінде жүргізіледі.

20. Осы Қағидалардың 18-тармағында көрсетілген мәліметтер АЭА қатысушының электронды және (немесе) өзге түрде есепке алуына жатады.

21. Осы Қағидалардың 18-тармағында айқындалған шетелдік тауарларды өткізу бойынша мәліметтер ай сайын, есепті айдан кейінгі 10-ы күнінен кешіктірмей мемлекеттік кірістер органдарына ұсынылады.

22. Осы Қағидалардың 19-тармағында айқындалған мәліметтерге және тауарлар есебіне қол жеткізу мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғаларына олардың талап етуі бойынша кедендей бақылауды жүргізу мақсатында ұсынылады.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2018 жылғы 15 наурыздагы

№ 360 бұйрығына

6-қосымша

**Шектері Еуразиялық экономикалық одактың кедендей шекарасының участкерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың қатысушысы болып табылмайтын Қазақстан Республикасының занды тұлғалары шектері Еуразиялық экономикалық одактың кедендей шекарасының участкерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ аумағына қою және (немесе) пайдалану үшін еркін кеден аймағы кедендей ресімімен орналастырылған тауарлардың декларанттары ретінде әрекет етеп алғын жағдайлары**

**Ескеरту. 6-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 18.06.2019 № 598 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Осы бұйрықтың шенберінде шектері Еуразиялық экономикалық одактың кедендей шекарасының участкерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ (бұдан әрі – АЭА) аумағы деп "Арнайы экономикалық аймақтардың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 6 қазандағы № 624 қаулысына сәйкес құрылған "Корғас" Шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы" АЭА түсініледі (бұдан әрі – "Корғас" ШЫХО" АЭА).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 18.06.2019 № 598 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрігымен.

2. АЭА қатысушылары болып табылмайтын, Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары, "Корғас" ШЫХО" АЭА аумағында орналастыру және (немесе) пайдалану үшін мынадай:

1) тұлға АЭА аумағында АЭА басқарушы компаниясымен АЭА аумағында қызметті жүзеге асыру бойынша қызмет көрсетуді жүзеге асыру туралы шарт (келісім) жасасқан;

2) тұлға АЭА қатысушымен жылжымайтын және (немесе) құрылыштайды объектілерінің құрылсысы, оларға қызмет көрсету және (немесе) жайластыру бойынша қызметтерді ұсыну туралы шарт (келісім) жасасқан;

3) көлік құралдары тауарларды халықаралық тасымалдауды жүзеге асырған жағдайларда еркін кеден аймағы кедендей рәсімімен орналастырылған тауарлардың декларанттары болуы мүмкін.

Бұл ретте көрсетілген жағдайлар, жеке тұлғаларға тиесілі жеке көлік құралдарын әкелу жағдайын алып тастайды.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2018 жылғы 15 наурыздагы  
№ 360 бүйрігіна  
7-қосымша

Ескерту. 7-қосымша алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 25.12.2018 № 1111 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрігымен.